

# Қоғамға оң әсер ету

*Бүкіл әлемдегі әйелдер мен балалар өмірін жақсарту – бұл біздің миссиямыз.*

## «Pink Changing Lives»

Компанияның негізін қалаушы Мэри Кэй Эш жұртшылыққа мейірімді жүректі, жаңашыл бизнес-көшбасшы ретінде танымал болатын. Ол өз Компаниясын адамдарға өзіне көмектескендей, көмек беру философиясына сүйене отырып құрған және осындай қайырымдылықтың маңыздылығын айқындаған. Бұл біздің Компаниямыздың мұрасының бір бөлігі және біз Мэри Кэй Эштің идеяларын қуана жалғастырамыз.

## Әйелдер мен балалар өмірін жақсартамыз

Mary Kay компаниясының бүкіл әлемдегі сұлулық жөніндегі Тәуелсіз Кеңесшілерінің күш-жігерінің арқасында «Өмірді өзгертетін сұлулық» ғалами қайырымдылық бағдарламасы миллиондаған доллар жинайды, қаражат бүкіл әлемдегі әйелдер мен балалар өмірін жақсартуға көмектесетін ұйымдарға жәрдем ретінде беріледі.

## Келешек ұрпаққа көмектесеміз

1963 жылдан бастап бір әйелдің бағыты әлемдегі қаншама әйелге шабыт берді. Америка Құрама штаттарынан бастап Еуропа, Латын Америкасы, Азия-Тынық мұхит аймағына дейін және әлемнің барлық түкпірінде Mary Kay компаниясы әйелдерге тұратын және жұмыс істейтін жерлерінде көмектесіп, құрмет көрсетіп келеді. Mary Kay компаниясының ерікті рухты сұлулық жөніндегі Тәуелсіз Кеңесшілері, олардың клиенттері, корпоративтік қызметкерлері және достары әйелдер мен балаларға көмектесетін ұйымдарға көмек беруін жалғастырып келеді және 2011 жылдан бастап қоғамдық жұмыстар орындауға уақыттарын бөлуде. Шәкіртақы бағдарламасы, тәлімгерлік және кәсіпкерлікті қолдайтын ұйымдармен серіктестік бағдарламаларының арқасында Mary Kay қауымдастықтарға жай ғана тіршілік етпей, өркендеуіне көмектесе отырып, жаңа көшбасшылар буынын қалыптастыруда.

## Қабілетін ашуға көмектесеміз және армандарын орындаймыз

Mary Kay компаниясы әйелдерге өздерінің жоғарғы потенциалдарын жүзеге асыруға – мүмкін емес нәрсесіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қытайда Mary Kay компаниясы және Қытай әйелдерін дамыту қоры БҰҰ дамыту бағдарламасымен бірлесіп, әйелдерге жеке компанияларын ашуға көмектесу үшін шағын бизнесті нисіелендіру немесе микроқаржыландыру есебінен Mary Kay шағын бизнес қорын құрды. Mary Kay China компаниясы Қытайдың 20 провинциясында тұратын әйелдердің өмірін жақсартуға 4 миллионнан астам доллар жұмсады.

## Әлемді қорғаймыз

Бүгінгі біздің әрекетімізді ұғыну ертеңге келешек ұрпақтың сапасына әсер етеді. Mary Kay компаниясы экологиялық көрсеткіштерді жақсарту мүмкіндіктерін әрдайым іздейді және қоршаған ортаға одан да жағымды бола түсу жолдарын табуға ұмтылады. Мұны біз «Pink Doing Green» бағдарламасы деп атаймыз. Қайталама шикізатты қайта өңдеу және энергияны жеткізу және тұтыну жауапты тәсілдерін енгізу туралы бағдарламаның арқасында Mary Kay компаниясы экология мәселесі бойынша көптеген марапаттарға ие болды және ресурстарды сақтау саласында көшбасшы болуын жалғастырып келеді.

Даллас қаласындағы Mary Kay компаниясының өндіріс нысаны қалдықтарды пайдаға асыру және қайта өңдеу жұмыстарында өндіріс қалдықтарымен топырақты ластау деңгейін толық төмендету үшін экологиялық қауіпсіз әдістерді қолданады, ал Mary Kay компаниясының көптеген үлестіру орталықтары тауар қаптамасына 100% биологиялық ыдырауға жататын пенополистиролдың түйіршіктерін пайдаланады.